

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысының
мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасы» ММ
басшысы

Ғ.Өтелбайұлы

«10» сәуір 2025 ж.

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЫР ЖАУҒАРЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ҚЫЗ ЖІБЕК» ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ПОЭМАСЫНАН ҮЗІНДІНІ МӘНЕРЛЕП ОҚУ БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Бұл ереже «Қыз Жібек» лиро-эпостық поэмасын мәнерлеп оқу байқауын ұйымдастыру және өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, шарттарын, тәртібін, мерзімін және басқа да талаптарын айқындайды.
- 1.2. Байқау аясында қатысушыларға «Қыз Жібек» лиро-эпостық поэмасынан таңдауы бойынша 200 жолдан кем емес үзіндісін жатқа мәнерлеп айту ұсынылады.
- 1.3. Байқауды «Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ қолдауымен «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы КММ ұйымдастырады.

II. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты:

- жеткіншектер арасында кітап оқуды және қазақ халқының лиро-эпостық дастанын танымал ету.

2.2. Міндеттері:

- балалардың халық поэзиясына, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту;
- өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамыту;
- лиро-эпостық дастанды жаттау арқылы балалардың бойына адамгершілік, адалдық, қайсарлық қасиеттерін дамыту.

III. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

3.1. «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ (әрі қарай Ұйымдастырушы) байқауды ұйымдастырушы болып, оны дайындауға және өткізуге жауапты тарап болып табылады.

3.2. Ұйымдастырушы байқаудың қазылар алқасын бекітеді. Қазылар алқасының құрамына ақындар, жыршылар, журналистер және мұғалімдер шақырылатын болады.

3.3. Ұйымдастырушы қазылар алқасының шешіміне қарсылық етпейді.

IV. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

4.1. Байқау 14-15 жас аралығындағы балалар арасында қазақ тілінде өткізіледі.

4.2. Қатысушы «Қыз Жібек» лиро-эпостық поэмасынан таңдауы бойынша үзіліссіз 200 жолдан кем емес үзінді жаттау керек және жаттаған үзіндісін жазба түрінде қазылар алқасына ұсыну керек (4 дана).

4.3. Қатысушы өтінімді (қосымша 1) 2025 жылғы 20 қазанға дейін Қарағанды қ., Бұқар жырау даңғылы, 30 мекенжайындағы кітапханаға немесе хат тақырыбын «Қыз Жібек» деп белгілеп, odb_abai@mail.ru электрондық поштасына жібереді.

4.4. Байқау екі кезеңде бір күнде өтеді.

- **Бірінші кезеңде** байқауға қатысушы әр үміткер 2025 жылдың 30 қазан күні Абай атындағы балалар кітапханасында сағат 09:00-ден 10:00-ге дейінгі уақыт аралығында «Қыз Жібек» лиро-эпостық поэмасы бойынша 30 сұрақтан тұратын тестілеуден өтеді. Тестілеу нәтижесі бойынша сұрақтарға 75 пайыз дұрыс жауап берген қатысушылар екінші кезеңге өтеді.

- **Екінші кезеңде** қатысушы «Қыз Жібек» қазақ халқының лиро-эпостық поэмасын мәнерлеп жатқа айтудан сынға түседі.

IV. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ. МАРАПАТТАУ

5.1. Қатысушылардың мәнерлеп оқу өнері 10 балдық шкала бойынша жүзеге асырылады.

5.2. Қатысушының шығарманы оқу мәнеріне және әртістік шеберлігіне назар аударылады, яғни лиро-эпостық поэманы нақышына келтіріп, төгілтіп жырлауы ескеріледі.

5.3. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы I, II, III орын және номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

5.4. Ұйымдастырушы қазылар алқасымен келісе отырып, 5 ынталандыру сыйлығын тағайындайды.

5.5. Жүлдегерлер бағалы сыйлықтар және дипломдармен марапатталады.

5.6. Жеңімпаздарды даярлаған жетекшілер алғыс хаттармен марапатталады.

5.7. Барлық қатысушыларға электрондық сертификат беріледі.

Ұйымдастырушының заңды мекенжайы: Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Бұқар жырау даңғылы, 30 үй.

Байланыс телефондары: +7(7212) 41-23-25; 41-23-26 электронды поштасы: odb_abai@mail.ru

Байқаудың үйлестірушісі: Ибрагимова Инкар Керимбаева, орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы, мобильді телефон 8702 861 5895; 8701 66 74 998.

**Байқауға дайындалуға көмек үшін
Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының кітап
қорындағы әдебиеттер**

1. Тандамалы шығармалар Т.З. Әңгімелер, пьесалар / Ғ. Мүсрепов. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. - 510 б.
2. Қыз Жібек: қазақ эпосы. Кн.6. - Алматы : Қазақ ССР Ғылым Академиясы, 1957. - 95 б.
3. Қазақ эпосы/ ред. А. Шалабаева. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. - 696 б.
4. Қыз Жібек // Батырлар жыры [Мәтін] : үшінші басылуы. Т.1 / құраст.: М. Ғұмарова, Б. Уахатов. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. - 630 б.
5. Қыз Жібек/ ред. А. Шалабаева ; сур. И. Исабаев. - Алматы : Жазушы, 1967. - 144 б.
6. Қыз Жібек : төрт перделі, екі суретті опера / Е. Брусиловский. - Алматы : Өнер, 1981. - 168 б.
7. Қыз Жібек. - Алматы : Жалын, 1985. - 128 б.
8. «Қыз Жібек» жырының тілі мен стилі/ А. Қ. Тұрышев. - Павлодар : ЭКО, 2001. - 196 б.
9. Қыз Жібек: лиро-эпостық поэма / ред. Б. Төлегенова. - Алматы : Мектеп, 2003. - 128 б.
10. Қазақ эпостары / ред. М. К. Рахметова. - Алматы : Көшпенділер, 2006. - 416 б.
11. Қыз Жібек: эпос / сур. А. Дүзелханов ; ред. Ә. Файзуллаұлы. - Алматы : Алматы кітап, 2008. - 72 б.
12. Қыз Жібек (Халық жыры бойынша) // Өтірік айтпайтын күн: әңгімелер, ертегілер, хикаят, аңыз-дастандар, сахналық қойылымдар / Ә. Файзуллаұлы ; сур. М. Қуанышбек. - Алматы : Таймас, 2021. - 272 б.

Қосымша 1

**«ҚЫЗ ЖІБЕК» ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ПОЭМАСЫНАН ҮЗІНДІНІ
МӘНЕРЛЕП ОҚУ БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУ
ӨТІНІМІ**

Қатысушы (аты-жөні)	
Жасы	
Білім беру мекемесінің толық атауы, сыныбы	
Байқауға қатысушының жетекшісі (аты-жөні толығымен, байланыс телефоны, e-mail)	

Өтінім беру күні